

Құралай Кудеринова

**А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының бас
ғылыми қызметкөрі, ф.ғ.д., профессор**

Жаңа емледегі жаңа нормалар

2019 жылдың наурызынан бастап А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында жаңа әліпби мен емле ережелері бойынша орфографиялық сөздік даярланып жатыр. Сөздікшілер былтырғы жылы сөздізбені құрастыру, емле проблемаларын анықтау, зерттеу, жүйелеу, жаңа сөздер мен қолданыстар және тіркестермен толықтыру жұмыстарын жүргізсе, биылғы жылы сөздікті одан әрі жетілдіру міндеттерін атқаруда. Осы орайда Сіздерге күрделі сөздердің бірге не бөлек жазылу нормалары қалай реттелу үстіндегі екенінен ақпарат беріп отыруды жөн көрдік. Көмек болатын пікірерізді құтеміз.

Тілімізде *сөз* сынарымен келетін біршама сөздер бар. Олардың деңі бөлек жазылады. Мысалы: *өлең сөз, шешендік сөз, жалтақ сөз, жел сөз, байлау сөз, қасам сөз, ескі сөз, ақтау сөз, алтықашпа сөз, аталы сөз, қагыс сөз, тақас сөз, құптау сөз, тәмсіл сөз, ұят сөз, үйбу сөз, берен сөз, шайпау сөз, дөрекі сөз, әбес сөз, нақыл сөз, жаман сөз, жақсы сөз...* Мұнда «сөз» сөзі «сөйленген ой», «жарыққа шыққан ой», орысша айтқанда, «речь» мәнінде тұра мағынада жүмсалып тұр. Сол себепті бұл тіркестер бөлек жазылады.

Сондай-ақ *қаратпа сөз, төл сөз, төлеу сөз, қос сөз, құрама сөз, күрделі сөз, кірікken сөз, біrікken сөз, қысқарған сөз, кітаби сөз, кірме сөз, діни сөз, тірек сөз, кәсіби сөз, жергілікті сөз, көне сөз* сияқты лингвистикалық терминдердегі «сөз» сынары лексика-грамматикалық бірлік, сөйлемнің бір мүшесі ретінде, анықтаушы-анықталушы қатынаста түрғандықтан бөлек жазылады.

Ал *баспасөз, жарыссөз, келіссөз, дәйексөз, жұмбақсөз* сияқты зат не ұғымды атау үшін «қолдан жасалып», тілімізге жап-жақсы орнығып кеткен сөздер «туғанынан» бірге жазылады. Осылардың қатарын *қарасөз, алқасөз, көркемсөз* (көркем әдебиет стилі), *көсемсөз* (жазба публицистикалық стиль), *шарысқасөз* (ауызша публицистикалық стиль), *замансөз* сияқты жаңа қызметке көшкен атаулар толықтырды. Мұндағы *көсемсөз, көркемсөз, шарысқасөз* дегендер қазіргі қазақ тілінің функционалды стильтерінің атауларына ұсынылып жүрген қазақша нұсқалар, яғни көркем әдебиет стилі – *көркемсөз стилі*, публицистикалық стиль – *шарысқасөз стилі* (жазба түрі), *көсемсөз* (ауызша түрі). Қоғамсөз деген де атау бар.

Енді емледегі жаңалық – *алғысөз (пролог), кіріспесөз, соңғысөз (эпилог)* атауларының біріктіріліп берілгені болып отыр. Бұлар – көркем шығарманың құрылымын аттайтын терминдер. Мұндағы *сөз* сынары лексика-грамматикалық бірлік емес, сөйлемнің бір мүшесі болып түрған жоқ, анықтаушы-анықталушы қатынас көмескіленген. Сол себепті аталған сөздерді осы кезге дейін біресе бірге, біресе бөлек жазу тәжірибеде жиі. Өйткені сана бұл сөздерді екі «жарты

сыңардан» қуралғанын, екеуі біріккенде ғана толыққанды сөз болатынын «біліп тұр». Сол себепті жаңа емле сөздігінде бұл сөздер бірге жазылып көрсетілді.

Сондай-ақ қазақ емлесінде *той* сөзімен келетін атаулардың біразы бірге жазылатынын естерінізге салғымыз келеді. Атап айтқанда, алтынтой, бесіктой, күмістой, мүшелтой, орамалтой, қазантой, қоныстой, мерейтой, наурызтой, сабантой, сырғатой, шілдетой. Бұлардың ішінде алтынтой, күмістой, қолатой сөздері орыс тілінен аударылған (золотая свадьба, серебрянная свадьба, бронзовая свадьба). Бірақ біздегі «той» тұра мағынасынан ғері «айтулы күн, мерейлі дата» деген мағынада тұр. Сондықтан бірге жазылған.

Ал бесіктой, мүшелтой, орамалтой, қоныстой, мерейтой, наурызтой, сабантой, сырғатой, шілдетойлар изафеттің 3 типінен жасалған қалпында жұмсалса, бөлек жазылар еді: бесік тойы, мүшел тойы, орамал тойы, қоныс тойы, мерей тойы, наурыз тойы, сабан тойы, сырға тойы (ертеректе сәбій тоқтамаған жағдайда баланың құлағына сырға салып қойып, кейін оны алғанда жасалатын ғұрып), шілде тойы. Алайда қолданыс барысында -ы жүрнағы ықшамдалып, сөз бірігіп жазыла бастаған. Мысалы, Бесіктой негізінен, тұңғыш балаға жасалынады (Қазақ Ұлттық Энциклопедиясы). Орамалтой жасаған үйге жақындары орамал деп кездеме, мал, ақша т.б заттар апарады (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі). Наурызтой – көктем тойы, көңіл тойы, Жақсылық болсын дейтін өмір бойы. Аянбай Наурызға арнап шалып жатыр, Бар болса қорасында кімнің қойы (Т.Молдағалиев, Шақырады жаз мені). Баланың ат жалын тартып мінер жасқа жеткенде сырғасын алып, “с ы р ғ а т о й” атқарған (Д.Қатран, Қазақтың ас-тағам мәдениеті). Бір-бір сұндет атымыз болады еken, «Сұндеттой» болғанда сол сұндет атымызға мініп шығады екеміз, ендігі жылды оқу оқиды екеміз, ақылды болады екеміз (F.Мұсірепов, Белдерде).

Ал торқалы той, үйлену тойы, ұзату тойы деген сөздер бөлек жазылады. Бұларда көзге көрініп тұрған грамматикалық қарсылықтар бар: екі сыңардың арасындағы –лы, –у қосымшалары және тәуелдіктің 3 жағы.

Қанша жылғы емле жасау тәжірибесінде байқағанымыз – сөздердің бірге жазылуын сөздік немесе емле ережесінен бұрын жазу практикасы «шығарады» еken. Сөздік немесе емле ережесі тек осы дағдыларды нормалайды, қалыптандырады, сонында енді өздеріне міндеттейді! Өйткені жазу тәжірибесі – миллиондардың когнитивті санасындағы ақиқатты көрсетеді.